



## «ЖАҢА РЕФОРМА – САЛАНЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІГІ»

БӘРЕКЕЛДІ!

# АБАЙ ОБЛЫСТЫҚ СОТЫ ЖАҢА ҒИМАРАТҚА КӨШТІ



Семейде Абай облыстық сотының төрт қабатты жаңа ғимаратының салтанатты ашылуы өтті.

(Жалғасы 2-бетте)



Мемлекеттік саясатқа сай Жоғарғы Сот ұстанымын облыста жүзеге асыру төрағалардың бір міндеті болып саналады. Ал ол жұмыстардың қалай атқарылатынын көретін де, бағалайтын да – халық. Осы орайда судьялық қызметтің қыр-сырын жетік меңгеріп, білімділігімен, біліктілігімен, әділдігімен ел көңілінен шығып жүрген төраға ретінде Қалдарбек Досымбетке деген көпшіліктің пікірі оң. Бүгінде Алматы облыстық соты төрағасының міндетін атқарып отырған Қалдарбек Жорабайұлы сот саласындағы қызметін аудандық сот судьялығынан бастап, бірнеше мамандандырылған соттардың төрағасы болып, тәжірибесін әбден шыңдаған жан. Алқа төрағасы болған кезінде де Қалдарбек Досымбет үнемі ізденіс үстінде жүретін, ұдайы айналасымен санасып, үлкенді аға, кішіні іні деп жатырқамай жақын тартатын мінезімен ұжымның ілтипатына бөленген еді. Үлкен сот ұжымының ұйытқысы болып отырған арда азаматпен арадағы сұхбатымыз сот саласының тыныс-тіршілігіне, жаңашылдықтарға қатысты өрбіді.

– Қалдарбек Жорабайұлы, биылдан бастап елімізде үш дербес каскациялық сот тәжірибеге енгізілмек. Бұл өзгерістің сот саласына берері не? Жаңа бастама азаматтардың үмітін қаншалықты ақтайды деп ойлайсыз?

(Жалғасы 5-бетте)

МӘСЕЛЕ

## ЕСІРТКІ САТУШЫЛАРДЫҢ АҢДЫҒАНЫ – ЖАСТАР

Нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес Президенттің сайлауалды бағдарламасының басым бағытының бірі. Өз жолдауларында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев есірткі қылмысының белең алуына қарсы күресті күшейту керектігіне аса мән беріп келеді.

Осы ретте балалар мен жасөспірімдерді шылым шегу, маскүнемдік, нашақорлықтан қорғау аса өзекті. Есірткінің адам ағзасына қаншалықты зиян екені айдан анық. Есірткінің қандай түрі болса да басты қауіптілігі тәуелділікті, есірткі психотроптық заттарды, сол тектестерді қайта-қайта қолдануға деген құштарлықты тудырады. Бұның арты жастардың түпкілікті нашақорға айналып, жақын адамдарының, жанұясының азаптануына әкеп соғады.

Ең сорақысы есірткі затын уақытында қабылдамаған нашақор агрессивті халге түсіп, есірткі затын сатып алу үшін ақша табу мақ-

сатында қылмыстың қандай түрін болса да жасауға дайын тұрады.

### Есірткі бизнесін алыстан басқарып отырғандарды айқындау қиын

Ресми статистикалық мәліметтер бойынша халық арасында синтетикалық есірткі деп аталып кеткен психотроптық заттарды тұтынудың қатары көбейген. Алайда есірткі, психотроптық заттарды және сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындаған, қайта өңдеп өндiрген, жөнелткен тұлғаларды құрықтау олар электрондық ақпараттық ресурстарды пайдалану арқылы қылмыстық іс әрекеттерін

басқа қалаларда немесе шет елдерде жүзеге асырып отырғандықтан өте қиынға түсіп отыр. Еліміздің түкпір-түкпірінде арнайы зертханалар ашып есірткі, психотроптық заттарды дайындаған тұлғалар, оларды ұйымдастырушылар құрықталып, есірткі, психотроптық заттарды дайындайтын зертханалар аз жойылып жатқан жоқ, дегенмен есірткіге қатысты қылмыстар үшін сотталып, жазасын өтеп жатқан есірткі, психотроптық заттарды әрі қарай иемденіп, сақтап, тасымалдап өткізіп (закладка жасап) отырған құқық бұзушылардың басым көпшілігі бұл әрекеттерді табыс көзі ретінде қабылдаған жастар.

### Құрыққа түсетіндердің көбі жастар

Есірткіге қатысты нақты қаралған істерге тоқталар болсақ, қазіргі таңда өзін қызмет

атқарып жатқан Атырау облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында 2024 жылы есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу қылмыстық құқық бұзушылықтары бойынша 51 тұлғаға қатысты 36 қылмыстық іс түсіп, соның ішінде 41 тұлғаға қатысты 29 қылмыстық іс өндірістен аяқталды, олардың 5-үі әйел, 36-сы ер адам. Бұл істердің барлығы ҚР Қылмыстық кодекстің 297-бабының 3-бөлігінің 1), 3), 5) тармақтарымен, яғни, адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен, аса ірі мөлшердегі есірткі, психотроптық заттарды электрондық ақпараттық ресурстарды пайдалану арқылы жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар.

Бұл жерде сотталғандардың барлығы есірткі, психотроптық заттарды заңсыз дайындап, өндіріп жөнелткен тұлғалар емес, ақша қаражатының тапшылығын көрген немесе жеңіл жолмен ақша тапқысы келген, бұндай қылмыстың арты неге соғарына тиісті мән бермеген жастар.

(Жалғасы 2-бетте)

3-бет



Витамп құндылығы  
бпнкетей береді

6-бет



Ана мен бала саулығы  
алаңдатады

8-бет



Ақ халаттылардың  
«қара» тірлігі

**БӘРЕКЕЛДІ!**

# АБАЙ ОБЛЫСТЫҚ СОТЫ ЖАҢА ҒИМАРАТҚА КӨШТІ



(Соңы. Басы 1-бетте)

2023 жылы күзде Абай еліне арнайы келген Жоғарғы Сот төрағасы

сы Асламбек Мерғалиев болашақ нысанның орнына символикалық капсула салып, құрылыстың басталуына негіз қалаған еді.

Рәсімге Жоғарғы Соттың әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Аслан Түкиев, Абай облысының әкімі Берік Уәли,

Сот әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Шәкір Шаяхметов, судьялар, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, сот жүйесінің ардагерлері мен қоғам қайраткерлері қатысты.

Ашылу салтанатында сөз сөйлеген Аслан Түкиев Президенттің заң үстемдігін нығайтуға және адам құқықтарын қорғауға ерекше мән

беретінін атап өтті. Оның айтуынша, жаңа ғимаратта азаматтарға қолайлы жағдай жасалған, ал сот корпусы әділ сот төрелігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Облыс әкімі Берік Уәли бұл құрылыстың сот инфрақұрылымын дамытудағы маңызды қадам екенін және Семей қаласының сәулеттік келбетімен үйлесім тапқанын баса айтты.

Облыстық сот төрағасы Қайрат Чақпантаев ғимараттың қаланың қарқынды дамып келе жатқан ауданында заманауи талаптарға сай салынғанын айтты. Ол судьялардың сотқа деген сенімнің артуына өз үлестерін қосатынына сенім білдірді.

Сот жүйесінің ардагері Кенжеш Мұқашовтың батасынан кейін қонақтар сот залдарын, өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары бар фронт-кеңсені, сондай-ақ судьялар, прокурорлар, адвокаттар және медиаторлар кабинеттерін аралап көрді. Бірінші қабатта сот кеңселері, салқындатқышы бар күту залдары, теледидарлар және ақпараттық стендтер орналасқан.

Сапар барысында Аслан Түкиев облыстың сот корпусымен де кездесіп, сот жүйесіндегі реформалардың барысын талқылады.

**Жоғарғы Соттың баспасөз қызметі**

**МӘСЕЛЕ**

## ЕСІРТКІ САТУШЫЛАРДЫҢ АҢДЫҒАНЫ – ЖАСТАР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әрине қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін тиісті жаза көзделген, аталған қылмысты жасаған тұлғаларға сотпен жазаның жеңіл түрін тағайындағанның өзінде олар 10 жылға бас бостандығынан айырылып сотталды. Өйткені заңмен бұндай қылмыстық құқық бұзушылық үшін 10 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасын тағайындау көзделген болатын.

**Есірткімен бүгін күреспесек, ертең кеш болады**

Қоғамда есірткі, психотроптық заттарды таратушыларға (закладчиктерге) қарастырылған жаза өте ауыр екені көптен талқыға түсіп келе жатыр. Бұл сұрақтар Президенттің де, депутаттардың да, бұл процесті бақылайтын тиісті мекемелердің де күн тәртібінен тыс қалған емес.

Еліміздің тарихында қайта жаңғырып қолға алынған Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы Атырау қаласында өтті. Президент алқалы жиында: «Ұлы Абай «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» деген. Бұл әрине, ешқашан ескірмейтін, мән-маңызын жоғалтпайтын өсиет. Бірақ әр заманның өзіне тән сын-қатерлері бар. Жаһандану үрдісіне, жаңа технологияның дамуына және басқа да себептерге байланысты қоғамға қауіпті жаңа кеселдер пайда болды. Әсіресе, біз мынадай бес кеселмен бүкіл ел болып күресіп, біржола тосқауыл қоюымыз керек. Алдымен, есірткі саудасы, соның ішінде синтетикалық есірткі айналымы. Өкінішке қарай, бұл індет жаппай белең алып барады. Тек былтырдың өзінде есірткіге қатысты 7,5 мыңнан астам қылмыс анықталды. Заңсыз айналымнан 41 тонна есірткі алынды. Нашақорлық, әсіресе балалар арасында тез таралып, жастарымыз уланып жатыр. Есірткімен күрес белсенді жүргізілмесе, ертең бәрі кеш болуы мүмкін. Қашанда есірткі сатқан қылмыскер қатаң жазаға тартылады. Менің

ұсынысым: есірткі заттарын өндіретін адамдардың жазасын барынша қатайту керек. Оны ең ауыр қылмыстарға теңестіру қажет» деген болатын.

Осы Ұлттық құрылтайда сөз алған адвокат А.Омарова бұқара арасындағы жағымсыз жарнамалардың көбеюі түрлі жайсыз оқиғаларға жол ашатынын, нашақорлық, өзіне-өзі қол жұмсау, басқа да теріс әрекеттер тиісті құрылымдар жұмысындағы олқылықтардың жемісі екеніне мән беріп, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу керектігін баса айтты.

**Жастар жанашырлықты түсінсе игі**

Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда есірткі мәселесіне қатысты Мемлекет басшысы және құрылтай мүшелерінің тарапынан көтерілген ұсыныстар ҚР Ішкі істер министрілігі, Парламент және Сенат депутаттары тарапынан қолдау тауып, 2025 жылдың 2 қаңтарында ҚР кейбір заңнамалық актілеріне есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестердің, прекурсорлардың және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, бұл заң 2025 жылдың 3 наурызынан бастап қолданысқа кірді. Атап айтқанда, ҚК-не өзгерістер мен толықтырулар енгізудің нәтижесінде есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, өндіруге қатысты қылмыстық құқық бұзушылықты бөлек қарайтын 297-1-бап жаңадан енгізілді, яғни, есірткі заттарын өндіретін адамдардың жазасы қылмыстың түріне қарай барынша қатайтылды.

Ал бұған дейін қолданылып келген ҚК-нің 297-бабының 1-бөлігінен «дайындау, қайта өңдеу» саралау белгілері, 3-бөлігінің 4) тармағы (лауазымды адам қызмет бабын пайдалана отырып жасаған) және 5) тармағы (электрондық ақпараттық



**М. НАҒАШЫБАЕВ,**  
Атырау облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

ресурстарды пайдалану арқылы) алынып тасталып, тиісінше ҚК-нің 297-бабының 1, 2, 3-бөліктеріндегі жаза мөлшері төмендетілді, осы баптың 3-бөлігі аса ауыр қылмыстар санатынан ауыр қылмыстар санатына көшірілді. Бұл бапта есірткі, психотроптық заттарды иемденіп, сақтап, тасымалдау арқылы оларды жөнелткен (закладчик) тұлғаларға тағайындалатын жаза жеңілдетілді. Осыған орай заңды күшіне енген 41 тұлғаға қатысты 29 үкім, енді кері күші бар жасалған іс-әрекет үшін қылмыстық жауаптылықтың күшін жоятын қылмыстық заңның шығуына байланысты ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің 476-бабының негізінде қайта қаралып, бұрынғы тағайындалған жаза мөлшері төмендетілмек.

Жеңіл табыс көзіне қызығып болашақтарына балта шауып жатқан жастарға бұл да мемлекет тарапынан жасалған өте маңызды жеңілдік деп түсіну керек. Абай атамыз «адасқанның алды жөн, арты – соқпақ» деп өсиет тастаған. Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ. Қоғам дертіне айналған нашақорлық адамның өзіне де, қоғамға да өте зиян, болмас табыс үшін өмірінің ең қызық кезеңін темір тордың ар жағында өткізген жастар мемлекеттің оларға деген қамқорлығын және бостандықтың қадірін түсіне білуі керек.

**ШАҢЫРАҚ**

Медиация институты қазақ қоғамына жат емес. Кезінде азаматтар арасында туындаған дау-дамайларды билер, шешендер немесе беделі бар жергілікті ақсақалдар әділ шешіп отырған. Билердің негізгі шешетін мәселесі келген шығынды қалпына келтіріп, дауласушыларды бітімге жеткізу болып табылған. Медиация деген сөздің мағынасын екі жақты татуластыру рәсімі деп түсіндіруге болады.

жұмыс істеуі тиіс, ескі газет беттерінде тезіс күйінде сарғайып жатпауы керек. Осы тұрғыда соттарға қойылатын міндет те жоғары.

Гуманист, жазушы, ойшыл ғұлама, өздеріңіз білетіндей, Ш.Уалихановтың жақын,

## ӘР БІТІМНІҢ АРТЫНДА БАЛА БАҚЫТЫ ТҮР

Осы бағытта татуластыру рәсімдеріне тоқталуға болады. Тараптар өзара жол беру негізінде әкімшілік процестің барлық сатысында (кезеңінде) сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады. Жауапкердің әкімшілік қалауы болған кезде тараптардың татуласуына жол беріледі. Дауды медиация және партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу сотта осы кодекске және Қазақстан заңнамасына сәйкес жүргізіледі. Қазіргі уақытта татуласу, бітімгершілік рәсімінің аясын кеңейтуге, халықтың дауды сотқа дейін реттеуге мүдделі етуге, қоғамдағы шиеленістерді төмендетуге оң ықпал ететін аталмыш заң қарқынды жалғасуда. Өркениетті елдердегідей бейтарап медиаторды тарту арқылы істі бітімге келтіріп, заманауи құқықтық жүйенің дамуына ықпал етуді жүзеге асыру сотта жүргізілетін медиация тәртібімен жүргізіледі.

Осы бағытта татуластыру саны 100, қараусыз қалдырылғандары 174, іс бойынша іс жүргізуі тоқтатылғандары 137.

Ал 2024 жылы сотқа түскен азаматтық істердің саны 4235 құрайды. Істердің медиация тәртібімен тоқтатылғандар саны 106, қараусыз қалдырылғандары 628, іс бойынша іс жүргізулер тоқтатылғандары 288.

Медиация институтының аясын кеңейту, тиімділігінің мағынасын халыққа жеткізу және халықтың, ең бастысы, балалардың ең маңызды мүдделерін қорғау үшін отбасылық дауларды барынша кеміту, сонымен қатар, соттан тыс дауды реттеу және татуласу рәсімдерінің тиімділігі жақтарын кеңінен түсіндіруге қажет.

Осы мақсатта татуласу рәсімдерінің тиімділігін арттыру мақсатында халыққа, мекемелерге кездесу ұйымдастырып түсіндіруге, әлеуметтік желілер арқылы посттар, БАҚ-да мақалалар жариялап, тараптарға дауларды шешудің ең қолайлы әдісін таңдауына және татуластыру рәсіміне жүгіну құқығын және тиімді тұстарын түсіндіруге қажет.

Баршаға аян, Мемлекет басшысының қолдауымен ҚР Жоғарғы Сотының көмеделетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттарын құру мақсаты – отбасын сақтау, соның арқасында қоғамдағы ынтымақты нығайту екені белгілі. Мемлекет құру, егемендікті нығайту жолында бірден-бір заманауи, креативті заң деп осыны айтса болады. Өйткені отбасын сақтау – қоғамды сақтау, болашақтың кепілі. Біздің келешегіміз – балалар толық отбасында өсіп жақсы тәрбие, сапалы білім алса, ізгі ниетті азамат, жақсы адам ретінде қалыптасады. Ал енді кез келген ізгі ниет, жақсы заң



**С. АБСАМАТОВ,**  
Түркістан облысы көмеделетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

етене араласатын, оны жақсы көрген досы болған Ф.Достоевский «Бүкіл әлемнің бақыты бейкүнә баланың бетіндегі бір көз жасына татымайды», деген еді.

Гуманизм принципін сақтап, судьялар істі қарау барысында татуластыру мақсатында жұмыстар атқарады, тараптарға татуласқанның, ымыраға келгеннің артықшылықтарын, балалардың мүдделеріне аса көңіл аудару қажеттілігін түсіндіреді, осы тақырыпта түсіндіру, әңгімелесу жұмыстарын жүргізеді. Сондықтан сотта қаралатын істерді, әсіресе, некені бұзу туралы даулар бойынша асықпай, егжей-тегжейлі зерттеп, татуласуға жеткілікті мерзім беріп (заңда алты ай қарастырылған), сот отырыстарына жеткілікті уақыт бөліп қаралаған жөн. Әр татуласумен аяқталған істің аржағында балалардың сыңғырлаған күлкілері, бақыты тұр. Балаға ең қымбат, ең қажет адамдар – ата-анасы қасында деген сөз.



Сонау өткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңына қарай Қарағандыдан оқуымызды аяқтап, бірге оқыған қыз-жігіттер еліміздің әр қиырына аттанып жатқанда, сол жастардың қатарында, солтүстікке жол тартқан бірталай азаматтың бірі мен едім. Шынын айту керек, көрмеген өңір, бұрын аяқ баспаған қиырдың жұмбағы көп болады, сонысымен де, әрине, иығыңды зіл батпап ауыр салмақ басып, көңіліңді күмән мен күдік араласқан небір ойлар жайлап алатыны тағы рас. Әрине, ел іші, қазақ жұртының ортасы болғанымен, оқу бітірген, еңбек сапарына аттанған әрбір жастың көкейінде осындай қобалжу болары анық. Халқымыз «Көрмеген жердің ой-шұңқыры көп» дегенді осындайда айтса керек.

генінді сұрап отыр» деуінің өзі адамға қанат бітіргендей еді.

**Жауаптылық жүгі ауыр**

Қалай болған күнде де, кімге болсын, алғашқы қадары, үйрену баспал-

гелердің де аузынан ыстық лебіз естіуінің әсері бөлек. Кездесіп қалған әріптесімнен жақсы адам туралы ой ортақтастығының өзі, адамдардың жақындасуына себепкер болады. «Ә, Қазыкен Аманбайұлыны айтып тұрсыз ба?» – деп, ол кісінің аты аталғанда, әңгімеге құлшыныс пайда бо-

екенін сезінбеу мүмкін емес. Осының бәрі маған Қазыкен Аманбайұлының бойынан таралатын жан жылуы мен махаббатының қызуы, адам баласына аса ілтипатының арқасы деп ойлаймын.

Өзім спортқа жақын болғандықтан, ағамыздың бұқаралық спортқа жанашырлығына талай куә болдым. Қазыкен Аманбайұлы самбодан спорт шебері, содан болар өмірінің соңына дейін еңсесі түспей, үнемі жараулы аттай жинақы, сымдай тартылған сымбатты қалпынан танған жоқ.

Ең бастысы, Қазыкен Аманбайұлы заң табылғанын енді аттаған мен тектес жүздеген, тіпті, мыңдаған балаң заңгерлер мен сот қызметкерлерін тәрбиелеп, баулып шығарды, қанатының астына алды, жол көрсетуші-тәлімгер, ақылшы-ұстаз бола білді. Және оған ол кісінің аға заңгерлік тұрғысынан да, моральдық тұрғыдан да толық қақысы бар еді. Өйткені, Қазыкен Аманбайұлы – заң мен сот саласының барлық сатыларынан өткен, бай тәжірибе жинап, биік деңгейдегі мейлінше заңгерліктің шыңына көтеріле алған адам. Сондықтан да, өзім секілді талай азаматтың «Мен Қазыкен Аманбайұлының шинелінен шыққанбыз!» деп мақтанышпен жеткізіп, жар сала жүреріне сенімдімін.

# ЖОЛЫМДЫ АШҚАН ТІЛЕУҚОР АҒАМ ЕДІ...

Заң саласының ардагері ДОСАНОВ Қазыкен Аманбайұлының қайтқанына жыл толуына орай

**Сенімділік тауды орнынан жылжытады**

Солтүстік өңірінің топырағын басқанда, алғаш кездескен адамдардан қамқор ниет, жылы лебіз күтеріміз заңдылық та шығар. Осындай алаң күйінде бұл өңірде алғаш кездескен, жылы жүзімен, ыстық ілтипатты сөзімен, мәдени ұстанымымен өзіне тартып, оттай баураған, жылышыраған жанның бірі – Досанов Қазыкен Аманбайұлы ағамыз еді. Әлі күнге дейін сол иманды жүзі, ыстық бейнесі ұмытылмай көз алдымда тұр.

Ол кезде Талғат Зейноллаұлы Маликов деген ағамыз Солтүстік Қазақстан облысында адвокаттар алқасының төрағасы еді. Қобалжыған мені Қазыкен Аманбайұлына алып келгенде, жылы қабақ, жарқын жүзбен қарсы алған ағаларды көріп көңілім кәдімгідей жадырап қалғанын несіне жасырайын. Халқымыз «Түсі игіден түңілме» дегенді қалай тауып айтқан десеңізші.

Қазыкен Аманбайұлы сол кезде аса жоғары қызметте, Солтүстік Қазақстан облыстық юстиция бөлімінің бастығы еді. Ол кезде сот, адвокаттар алқасы юстиция құзырында болатын. Алғашқы жүздесуден-ақ жақын тартып, жанашырлық танытқан ағамыз сотқа қызметке баруды ұсынып, бірнеше ауданды атады. Бұл мен мүлде күтпеген ұсыныс еді. Шынымды айтсам, әлі тәжірибемнің жоқтығынан, иығыма түсер батпап жауапкершіліктен қаймыққаным, тіпті, қорыққаным рас. Сол жүрексінгеннен шығар, батылым жетіп: «бара алмаймын» дедім. Аса сабырлы кісі сол жымсаған қалпы: «Неге олай дейсің, Досжан інім! «Генерал болуды армандамаған солдат солдат емес», – дегенді білмеуші ме едің? Менің ойымша, сенің қолыңнан келеді, тек аздап тәуекелің жетпей тұрған сияқты. Қорықпа, әлі үйреніп, меңгеріп кетесің, бәріміз де осылай бастағанбыз», – де-



генде, мен адам баласы үшін сенім артудың, сеніп тұрып, иығыңа батпап жүк арқалаудың қаншалықты маңызды екендігін ұққандай болдым. Менің сол сәттегі көңіл-күйімді алақанына салғандай сезіп тұрса да, толқуымды байқамағандай немесе оған мүлде көңіл бөлмегендей түр танытып, күнделікті араласып жүргендей іштарта сөйлеп, бауырмал жүрегімен хал-ахуалымды сұрастыруы менің көңілімді мүлде жайландырып тастады.

**Жақсыдан шарапат**

Нағыз заңгер, оның үстіне, осындай жауапты қызметте, жетекші орында отырған аға заңгерлердің адам жанын тамыршыдай ұғып, көңіл-күйін төбесінен түскендей тап басып психолог болуы керек екенін мен осы Қазыкен Аманбайұлындай алды кең, ақылы мен парасаты кемел, жаны жомарт ағаларыма қарап, бағамдап едім. Иә, «жақсыдан шарапат» деген осы, мен сол әуелгі беттен, ол кісінің қабылдауында болған сәттен, осындай мол пішімді, білімді де білікті, көреген, тәжірибелі

заңгердің алдымнан ұшырасуын жақсы ырымға баладым.

Осыдан кейін-ақ көңіл жайланып, беки бастады, тау қопарып тастардай екпін пайда болды, құлшынысым артты десем артық айтқандығым болмас. Қазыкен Аманбайұлының қарапайым қалпы, өзіне тең тұта, сенім білдіре сөйлеуі намысымды қамшылағандай, бойыма жігер құйғандай серпіліп, еңсем көтеріле түсті. Ол кісінің дем беруімен, ұшан-теңіз ақыл-кеңесімен «қаруланым», тау жығардай қуат алып, енді, әуелдегі, керітартпалықтан, дүдәмал ойлардан, бойкүйездіктен арылып, арқаланғандай болып іске кіріскен едім.

Содан не керек, ол кісінің қолдауымен бастапқыда Солтүстік Қазақстан облысының Тимирязев ауданында еңбектенсем, одан кейін, іргелес Ленин ауданына жолым түсті. Әрине, ол кісі: «жол көрсеттім, жөн сілтедім, мен міндетімнен құтылдым» деп, одан кейін мені есінен шығарып қоя салған жоқ. Толып жатқан қарбалас шаруаларына қарамастан, бас ақылшым болды, «қысылмай, білме-

дақтары маңызды болатыны сөзсіз. Осы тұрғыдан, мен Қазыкен Аманбайұлын темірқазық жұлдызындай жол нұсқаушым, қадірменді ұстазым деп білемін. Айтуға ғана жеңіл шығар, мұның бәрі менің үйрену баспалдақтары, бүркіттің балапанындай қуаттанған, талпынған жылдарым еді. Бұл жылдардың менің иығыма үлкен жауапкершілік, зілбатпап салмақ артқанын естен шығару мүмкін емес. Ал, алдында Қазыкен Аманбайұлындай ақылшы ұстаз, ағаң тұрса, өзіңді арқанды жарға тірегендей сезініп, сол жауапкершілік жүгінің салмағы жеңілдеп, білінбей кетеді екен. Мен сол үшін де ағамыздың алдында қарыздармын!

Өзімнің осы тәжірибе жинау үстіндегі азды-көпті белестеріме көз салып отырсам, мұндай адамдардың алақан жылуы өн бойыңа таралады екен, сондықтан, оны есіңнен шығарып алуың да мүмкін еместей. Және бір көзімнің жеткені, осындай алдында темірқазық жұлдызындай өнеге, ұлағат танытып отырған, көл-көсір жақсылығын тигізіп, мейір-шапағатын аямайтын, тіпті, мен солай еттім-ау деп міндетсіздейтін қарапайым адамдармен тонның ішкі бауындай жақын жүруің, сыйласуың, араласуыңның өзі бір ғанибет екен!

Және бір анық көзім жетіп айтатыным, қазіргі кезде Қазақстанның түкпір-түкпірінде Қазыкен Аманбайұлының алдынан өткен, оның аялы алақанының жылуын сезінген, жақсылығын көрдім деп айтатын әріптестерім қаншама?! Ондай заңгерлердің бірталайымен өзім әріптес болдым, бірге оқығандары да жеткілікті, солардың баршынан Қазыкен Аманбайұлы туралы тек қана жылы лебіз, мақтау естуден келе жатырмын.

Еліміздің әр қиырында еңбек еткенде, әрине, өзіңнің өмір, қызмет жолыңда жан жылуымен жарылқан, жақсылығы тиген ағаң туралы өз-

лып, көзің шырағандай жанып: «ие, сіз ол кісінің жақсылығын көрсеңіз, біз, тіпті, қатар жүріп, жан шуағына шомылып едік!» – дегенді рахаттана, үлкен мақтанышпен жеткізгің келіп тұрады екен!

Осылайша, адамдар жасалған жақсылықтан қуаттанады, нәр алады, адамға жақсылық жасай білудің ғажайып ләззатын сезінеді, «жақсылығыңның ел аузында жүруінің өзі шексіз бақыт екен-ау!» деп, өзі де жақсылық жасауға құлшынады. Міне, осындай сыйластықпен жарасымдылық, үйлесім табушылық, ортақ тіл табыса білу арқылы, өмір қиындығы жеңілдейді, қызметіңе құлшынысың артады. Міне, жақсылың шарапаты дегенге бұдан артық мысалды қайдан табасыз?!

**Біз Қазыкен Аманбайұлының шинелінен шыққанбыз!**

Мен Қазыкен Аманбайұлын адамдар арасындағы алтын көпір қызметін атқарып, аға буын мен жас буын арасында дәнекер бола білудің ұлағатты бейнесі деп бағалар едім. Ол кісі әрқашан ашық болатын, жайдары қалпынан танбайтын. Ағамызда ішім-теңімі тап деп тымырап қалу, ішін алдыртпай, қабағын қарса жабу, тәуелді адамын төпелеп, ықтыру, өз дәрежесінің жоғарылығын көзге шұқығандай етіп танытуға тырысу деген пендешілік қасиеттер атымен болмайтын. Ағамыздың осы бір кісілік келбетінен аумағанын көзімізбен көріп, құлағамызбен естідік.

Жеке басының үлгі-өнегесі туралы да үлкен ілтипатпен атап өтер едік. Ол ұлағатты отбасын құра білген жан, шаңырағында да биік адамгершілік пен құрмет, мәдениеттің иісі аңқып, есіп тұратын. Жары Насифа, қыздары Дана мен Дина аса кішіпейіл мінезімен баурайды. Ол кісінің шаңырағында отбасылық бақыт дегеннің не

**Жақсының аты өлмейді**

Осындай аулы, қадірі мен үшін аса биік болған ағамның бір жыл бұрын өмірден өтуін үлкен өкінішпен, ана дүниеге, тасбауыр топырақ астына қимаған көңіл-күймен қинала қабылдап едім.

Қайтесіз, бұл өмірдің заңдылығы, адамзат баласы өз тағдырына еріксіз мойынсұнады, бұл кең дүние Қазыкен Аманбайұлындай жаны жайсаң жақсыларға да таршылық етеді екен. Енді, міне, асыл ағамыздың арамыздан кеткеніне бір жыл болып қапты. Үлкен заңгер тұлға әруағының алдында тағы да кішіпейілдікпен бас ие отырып, көңіл түкпіріндегі ұстазға деген аяулы естеліктерімді қағазға түсіргенді жөн санадым.

Ағамыздың жасамаған жазысын, көрмеген қызығын жан жары Насифаға, көзінің ағы мен қарасындай қыздары Дана мен Динаға бұйыртуға жазсын!

**Досжан ӘМІР, ҚР Судьялар одағының төрағасы**

**ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ**

Елімізде ана мен бала тақырыбы, отбасы құндылығы қашан да қоғам назарынан тыс қалмайтын өзекті тақырыптың бірі. Қоғамның әлсіз демографиялық тобын құрайтын ана мен балаға қатысты зорлық-зомбылықтың жылдан жылға жаңаруы қорқынышты жағдай.

Еліміз 1998 жылы Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияны ратификациялады. Бұл Конвенцияда отбасы құндылықтары, толық отбасы мүшелерінің қолайлы өмір сүруіне мүмкіндіктер мен отбасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттемелері жолға қойылып, іс жүзінде «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заң қабылданғанымен, өкінішке орай, қоғамда ана мен бала құқығының қауіпсіздігіне келер қатер аз емес.

Қазақстанда әрбір үшінші отбасы физикалық, психологиялық, экономикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшырайды. Ресми зерттеуге сәйкес, елімізде әрбір алтыншы бала зорлық-зомбылық құрбаны болуда. Бұл – баршымыз үшін алаңдатарлық жағдай.

Үлкен резонанс тудырып, 2024 жылы елді дүр сілкіндірген «Бишімбаев ісі» мен кешегі Семей қаласында қатарластарынан қорлық көрген Әлинуір ісі – әлеуметтік желіден немесе ақпарат көздерінен танып-біліп, жаға ұстатқан оқиға, бұл – қоғам алдында беті ашылған қылмыстың ілуде біреуі ғана. Қорқу, ұят және отбасылық жанжалға тәуелділік салдарынан жабірленушілер (ана мен бала) қанша қылмысты жасырып жатқаны беймәлім, балаларға қарсы жасалған көптеген қылмыс анықталмай және тіркелмей қалып жатады. Жәбір көр-

# ӘР АЛТЫНШЫ БАЛА – ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҚҰРБАНЫ



кен зерттеуге сәйкес, елімізде 14 жасқа дейінгі балалардың әрбір екіншісі отбасында не балабақшада зәбір көретіні, мектеп оқушыларының үштен екісі қатарластарынан не мектеп мұғалімдерінен кемсітуге ұшырайтыны анықталған.

Ресми мәліметтерге сәйкес елімізде 6,8 миллион бала бар. 2024 жылы 1 қыркүйектен бастап 7,9 мың білім беру ұйымында 3,9 млн бала білім алуда. Демек, 3,9 млн оқушының дұрыс психологиялық қалыптасуы, олардың жеке басының қауіпсіздігін жан-жақты толық қамтамасыз ету мемлекеттің міндеті. Балалардың әл-ауқаты мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоғамның әлсіз демографиялық тобы ретінде олардың құқығын қорғау мемлекеттік саясаттың басты бағытының бірі.

*Ресми мәліметтерге сәйкес елімізде 6,8 миллион бала бар. 2024 жылы 1 қыркүйектен бастап 7,9 мың білім беру ұйымында 3,9 млн бала білім алуда. Демек, 3,9 млн оқушының дұрыс психологиялық қалыптасуы, олардың жеке басының қауіпсіздігін жан-жақты толық қамтамасыз ету, қоғамның әлсіз демографиялық тобы ретінде олардың құқығын қорғау мемлекеттік саясаттың басты бағытының бірі.*

гендігін айтпаудың бір себебі – әлеуметтік мінеш-құлық болса, екінші себебі – халықтың құқықтық сауатының төмендігі, кез келген адамның құқығын таптауға болмайтын билмегендіктен, күнделікті өмірде қарапайым отбасында зәбір көріп жүрген ана мен баланың саны қаншама... Зорлық-зомбылық қылмысының көп жағдайда қоғам назарынан тыс қалуының, дүйім жұрттың естіп білмеген қылмыстардың ашылмай жасырын күйде немесе жабулы күйінде қалуының нәтижесінде ашық күнде ана мен бала тағдыры тәлкекке ұшырап, суицид қылмысы орын алуда. ЮНИСЕФ пен Қазақстан арасындағы бірік-

қамтамасыз ету мемлекеттің міндеті. Балалардың әл-ауқаты мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоғамның әлсіз демографиялық тобы ретінде олардың құқығын қорғау мемлекеттік саясаттың басты бағытының бірі.

Әрбір баланың өзін еркін әрі қауіпсіз сезінуі – қоғам дамуының кепілі! Бүгінгі таңда бала құқығын қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған 45-тен астам ұлттық заңнамалық құжат

бар. Балалар құқығын халықаралық стандарттарға сай жан-жақты әрі тиімді қорғауға бағытталған ақылды заңнамалық және стратегиялық шаралар біртіндеп енгізілуде. Елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған бас-аяғы 36 дағдарыс орталығы жұмыс істейді. Білім және денсаулық саласына қатысты жаңа бағдарламалар да зорлық-зомбылық құрбаны болған балаларға қолдау және оңалту мәселелерін көтеруде. Солардың бірі – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің заң факультетінде ашылған «Заң ғылымдарының докторы, профессор, 3-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі Қалауша Бегалиев атындағы зорлық-зомбылық құрбандары болған балаларды қолдау орталығы» болып табылады. Орталықтың директоры – белгілі заңгер, профессор Шолпан Маликова.

Орталықтың негізгі мақсаты – балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу саласындағы жағдайды жақсарту. Осыған орай орталық зорлық-зомбылық құрбандарына психологиялық, медициналық қолдау көрсетіп, заң көмегін ұсынып, білім беру іс-шараларын тұрақты ұйымдастырып келеді. Сондай-ақ зорлық-зомбылықтың алдын алу тәсілдері және қолда бар көмек ресурстары туралы ақпараттық материалдар көпшілікке таратылуда.

«Зорлық-зомбылық құрбаны болған балаларды қолдау және оңалту бағдарламасы: ресурстық модульді орталықтар желісін тәжірибелік енгізу» жобасы шеңберінде құрылған бұл игі бастама, ҚазҰУ-ден бөлек, республиканың аймақтық 16 жоғары оқу орындарында да құрылып, бүгінгі таңда өз жұмысын бастады.

**А.МОЛДАГАЛИЕВА, Қонаев университетінің аға оқытушысы**

(Соңы. Басы 1-бетте)

— Ел Президенті Қ.Тоқаев қол қойған «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 3-бабы 3-2- тармағына сәйкес, Астана қаласында Азаматтық істер, Қылмыстық істер, Әкімшілік істер жөніндегі қасиеттік сот құрылуында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Жоғарғы Сот Кеңесі және Сот әкімшілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы Жарлықты іске асыру жөніндегі шараларды қабылдап жатыр. Осы жаңашылдыққа сәйкес Астана қаласында Кассациялық сот әкімшілігі департаменті құрылып, жұмысын бастады. Негізгі кассациялық іс жүргізу — судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз етуге және сот төрелігін жүзеге асыру сапасын арттырып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын жан-жақты қорғап, қоғам талаптарын қанағаттандыруға бағытталғанын білген дұрыс.

Сот жүйесінде ақырын жүріп, анық басатын игі қадамдарды сараптап отырып, сұрағыңыздан ауытқымай тағы бір айтарым, Алқалар сот төрелігі мен әділдігінің артуына септігін тигізбек. Бұл тәжірибенің сот жүйесіне қандай әсер ететінін уақыт көрсетеді. Мүмкін оң өзгерістер енгізіп, салаларда кәсіби біліктілікті дамытудың бір бастауы болатын шығар. Қалай десек те, жақсылыққа ұмтылу — оң үрдіс. Ендеше игі бастаманы қолдап, сала мамандарының пікірін, ойын толықтырып, халықтың, әлбетте басшылықтың назарына ұсынып, сараптаудан ұтпасақ ұтылмаймыз. Сондықтан функционалдық міндетімізге сәйкес таяуда Қонаев қаласында мамандандырылған тергеу сотында «Қазақстан Республикасы кассациялық сотының рөлі» тақырыбында дөңгелек үстел өткіздік. Шараға Алматы облысы прокуратурасының қызметкерлері қатысып, дербес кассациялық соттардың құрылуының маңыздылығы мен негізгі мәселелерін талқылап, өзара пікір алмасты.

**— Сот ардагерлерінің тәлімгерлік мектебін жандандырудың маңызы зор. Алматы облыстық соты судья-ардагерлерге қаншалықты көңіл бөледі? Аға буын мен кейінгі буын арасындағы сабақтастық жалғасып келе ме?**

— Әлбетте! Алматы облыстық соты төрағасы лауазымын 2019 жылдың 4 қазанынан бастап атқарып, бүгінгі таңда зейнеткерлікке шыққан Еліс Нұрқасымұлы Әбдіқадыровтың тәлімгерлік тәжірибесінен өткен судьялар көптеп саналады. Арда ойлы азаматтың қара қылды қақ жаратын әділдігін тек судьялар ғана емес, сот жүйесі қызметкерлері мен адвокаттар және қарапайым халық тілдеріне тиік етіп, ел алдында ашық айтып жүргені ақиқат. Бұл жағымды да жақсы баға. Осыдан жиырма алты жыл бұрын Қазақтың ғылыми-зерттеу институтында сот сараптамашылар фотозерттеушісі қызметкері болып еңбек жолын бастаған Еліс Нұрқасымұлы құқық қорғау органдарындағы қызметінде сатылай өсіп Бас Прокуратурада жемісті жұмыс істеген. Одан бөлек сот жүйесіндегі судьялық қызметіне көтеріліп, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Азаматтық істер жөніндегі алқа төрағасы лауазымын 2015–2019 жылдары атқарды. Еліс Нұрқасымұлының елге сіңірген еңбегі мемлекет тарапынан орынды бағаланып түрлі марапатқа ие болған. Мерекелік шараларды да ұмыт қалдырмаймыз. Қат-қабат жұмыс арасында уақыт тауып, көңіл күйін келтіруге мен ғана емес, әріптестерім әр кез дайын. Мұны аға буын мен кейінгі лек арасындағы жанды байланыс, жалғастықтың әдемі көрінісі деп те санаған дұрыс.

**— Соңғы уақытта сот саласынан өз қалауымен кетіп жатқан судьяларды жиі көреміз. Бұл ненің белгісі? Сот жұмысы қиындап кетті ме, әлде басқа да себептері бар ма?**

— Шыны керек, сіз бен біздің буын мамандық таңдауда жүрек үнін тыңдап, ата-ана ақылын ұғып және алдыңғы лек әрекетін сараптап жүріп дұрыс шешім қабылдай алдық. Оны өмір мектебі көрсетті. Өзіндік ойы бар адамдарға (салаға сынаптай сырғып кірген кездейсоқ тұлғалардан тыс) ауытқушылық, пайдақорлық, көрсекізділік жат болды. Әлі де солай. Білген адамға жұмыстың жеңілі жоқ. Әрқандай жұмыс болсын табандылықты, адал еңбекті талап етеді. Нәтижесін уақыт атты төреші көрсетеді. Бүгінгі қоғамға сараптама жүргізіп көрсеніз адамдардың тек сот жүйесінен ғана емес, сан саладан айлық жалақының аздығын сылтауратып қызметтерін ауыстыратыны жасырын емес. Барды қанағат тұтқан тұлғалардың уақыты келгенде адал еңбектерінің өтеуін еселеп көріп, қуаныштарың бөлісетіні рас. Сөз реті келгенде нақты бір мысал келтірсем,

Талдықорғанда мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы, Алматы облыстық сотының судьясы лауазымдарын атқарып отставкаға шыққан өңірге танымал судья Бақытжан Сланғожаұлы Мәндібаев Алматы облыстық сотының судьясы болып қызметін жалғастырды. Облысымызда тәжірибелі әрі кейінгі лекке үлгі тұтып, кадр жетіспеушілігінің орнын толтыру үшін басшылықты хабардар ете отырып, Алматы облыстық сотының ұсынысымен судьялық қызметке қайта кіріскен Б. Мәндібаев

**Қалдарбек ДОСЫМБЕТ,**

Алматы облыстық соты төрағасының міндетін атқарушы:

## «ЖАҢА РЕФОРМА – САЛАНЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІГІ»



*Алқалар сот төрелігі мен әділдігінің артуына септігін тигізбек. Бұл тәжірибенің сот жүйесіне қандай әсер ететінін уақыт көрсетеді. Мүмкін оң өзгерістер енгізіп, салаларда кәсіби біліктілікті дамытудың бір бастауы болатын шығар. Қалай десек те, жақсылыққа ұмтылу — оң үрдіс. Ендеше игі бастаманы қолдап, сала мамандарының пікірін, ойын толықтырып, халықтың, әлбетте басшылықтың назарына ұсынып, сараптаудан ұтпасақ ұтылмаймыз.*

ев әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің заң факультетін бітірген. Еңбек жолын халық сотында сот хатшысы болып бастап, сот жүйесінде ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп, «Үш би» құрмет белгісі, «III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалімен марапатталған. Яғни, өз кәсібін жүрек қалауымен таңдаған азаматқа ешбір қиындық кедергі болмайды.

**— «Ашықтық. Жеделдік. Қолжетімділік», «Татуластыру рәсімдері» принциптерін басшылыққа алудың нәтижесінде сот жұмысына қатысты айтылатын сын азайғаны рас. «Сот кабинеті» арқылы көрсетілетін қызметтің сапасы қандай?**

— Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты назарында ұстап, заңнама аясында іс-жүзіне асырып отырған бұл мәселені мерзімдік басшылармен қатар, әлеуметтік желілер арқылы ел оқып, көріп, таразылап, өзіндік бағасын беріп отырғаны мәлім. Мұны ашықтық, жеделдік, қолжетімділік деп бағаласақ, осы үш тармақтың бір нәтижесі ретінде татуластыру рәсімдерін айтуға болады. Сондықтан таяуда ғана менің төрағалықыммен біздің облыстық сотымыздағы татуластыру рәсімдері жөніндегі үйлестіруші судья Симузар Құрбанованың жүргізуімен Алматы қаласы Медеу аудандық сотының татуластыру рәсімдері жөніндегі үйлестіруші судьялары Динара Құйқабеева мен Жазира Жансейітоваларды қатыстыра отырып, «сотта татуластыру рәсімдері арқылы дауларды шешу» тақырыбында семинар өткіздік. Аталған іс-шараның мақсаты — татуластыру рәсімдері мәселесінде судьялардың біліктілігін арттыру, тәжірибе алмасу және сотта татуластырудың өзекті мәселелерін талқылау болды. Тақырып аясында судьялар пікір алмасып, ойларын жүрген түрлі сұрақтарына біздің тарапымыздан қанағаттанарлық жауаптар алды.

«Сот кабинеті» біздің ғимаратымызда жақсы жұмыс істеп тұр. Қолжетімді. Рас, жекелеген адвокаттардың және тараптардың наразылықтары да айтылуда. Ол интернет желісінің қай жерге қалай жететіндігі, қамтылғанды секілді мәселелерге байланысты туындайтын жайт. Байқасаңыз «Сот кабинетіне» кіргенде техникалық себептерге байланысты жекелеген аудан, қала аумағында туындаған кедергілерді жаза отырып, қолайсыздыққа байланысты кешірім өтінген хабарлама қызыл бояумен жазылып тұратын еді. Бүгінгі таңда бұл мәселе оң шешімін тапты. «Сот кабинетіне» кіріп көрсеніз жаңа үлгіге тәнті болып, құжаттарыңызды тиісті орындарға әп-сәтте жіберіп, көңіліңіз орнығады.

**— Судьялардың тәжірибе алмасып, әріптестік байланысын нығайтуда спартакиаданың**

**комегі көп. Біз сізді судья ретінде ғана емес, спорт жанкүйері әрі спорт додасына белсене қатысып, шебер ойын көрсетіп жүрген спортшы-төраға ретінде де жақсы білеміз. Алматы облысы соттары жыл сайын өтетін судьялар спартакиадасына биыл қалай көңіл бөлуде?**

— Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың дәстүрлі жолдауына сәйкес, мемлекетімізде спорт саласын жаңғырту мақсатында судьялар арасында жылдар бойы қалыптасқан

ті түрде қатысуы керектігі анық жазылған. Спорт додаларына тек судьялар ғана ойын көрсетуге жіберіледі. Бұл кейінгі лек жастарға үлгі болады. Биыл да жалғасатын спартакиада әуелгі кезекте Оңтүстік аймақ бойынша 20-23 маусымда Тараз қаласында өтеді. Сол жарыстарда жүлделі орынды жеңіп алған командалар республикалық Судьялар спартакиадасында шеберліктерін көрсетуге жолдама алады. Дәстүрлі додаға судьяларымыз дайындықты бастап кетті.

**— Қатыгездік бүгінгі қоғамның**

**бір дертіне айналды. Оған тосқауыл қоятын сот қана. Сондықтан өзгелерге ой тастау үшін шұлы қылмыстық істерді қараудағы тәжірибемен бөліссеніз.**

— Таяуда екі адам студент қызды аса қатыгездікпен өлтіргені үшін сотталды. Тарқатып айтсам, «алдын ала сөз байласып, пайда табу үшін аса қатыгездікпен қасақана кісі өлтірді» деген айыпталушылар Қ. және С.-ға қатысты қылмыстық іс Қылмыстық кодекстің 99-бабы 2-бөлігі 5, 7, 8-тармақтары бойынша қаралып, қылмыскерлер ұзақ мерзімге темір торға қамалды. Оқиға былай болған; ағымдағы жылдың алтыншы наурызында сотталушылар жәбірленушімен ортақ танысы арқылы танысып, ортақ танысының өтінішімен жәбірленушіні уақытша пәтерге орналастыруға келісіп, осы мақсатта Алматы қаласынан пәтер жалға алынады. Екінші күні қаражатының бітуіне байланысты жалдау ақысын одан әрі төлеу үшін, сотталушы Қ. жәбірленушіге тиесілі «iPhone 13 Pro»

маркалы смартфонды комиссиялық дүкенге өткізіп, кейінірек оны қайта сатып алуға уәде беріп, көндірген. Түскен қаражатты жұмсағаннан кейін сотталушылар жәбірленушіні банктер мен микроқаржы ұйымдарында жалпы сомасы 435 мың теңгеге ақшалай қарыздарды рәсімдеуге көндірген. 12 наурызда сотталушылар теріс ойларын іске асыру үшін жәбірленушіге ескертпей «iPhone 13 Pro» маркалы смартфонды кепіл ретінде уақытша өткізген комиссиялық дүкенге екеуі ғана барып, аталған смартфонды қайта сатып алып, 240 мың теңгеге сатқан. Түскен қаражатты сотталушылар өз мақсаттарына пайдаланған. Жәбірленушінің смартфонды қайта сатып алу туралы талаптарынан кейін сотталушылардың ниеті бұзылып, смартфонды қайтармау және несие бойынша қарыздарды өтемеу үшін жәбірленушіні өлтіруді ойластырады. Осы мақсатта, 15 наурызда түнделетіп жәбірленушіні үйіне апарып-келуді сылтауратып жолға шығады. Сағат 02:00 шамасында Қонаев — Қазақстан автожолының 36-шақырымына жеткенде күрежолдан бұрылып, тасадағы ашық учаскеге тоқтап, жәбірленушіні кезек-кезек сақаман ұрып-соғып, денесіне бензин құйып өртеп, оқиға орнынан қашып кеткен. Жәбірленуші сол жерде қайтыс болған. Дәлелдемелер бойынша сотталушылардың кінәсі іс материалдарында куәлардың айғақтарымен, сараптама қорытындыларымен толық дәлелденген. Қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар анықталған жоқ. Сот үкімімен Қ. және С. өздеріне тағылған айыпты толық мойындап, кінәлі деп танылып, әрқайсысына 17 жылдан бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. Сот үкімі заңды күшіне енді.

**— Бүгінгі заңнама бойынша берілетін жаза жемқорлықпен бюджет қаражатын талан-таражға салған адамдардың жауаптылығын арттыруға пәрменді ме?**

— Қазақстан заңнамаларында белгіленген жаза әрбір қылмыстың сипатына қарай жеке-дара тағайындалады. Абыройы мен болашағын ойлаған адам жазаның көмегінен ақ ала жіпті аттамауы керек. Алматы облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы ашық сот мәжілісінде дыбыстық бейнежазбаны қолдана отырып,

мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам бола тұра өзіндік қызмет бабын ұштастыра отырып, өзіне сеніп тапсырылған аса ірі мөлшерде бөтен мүлкті талан-таражға салып, жымқырғаны үшін кінәлі болып танылған Т-ның қылмыстық ісіне қатысты Балқаш аудандық соты шығарған үкімге аталған аудан прокурорының апелляциялық өтінішатын қарады. Алматы облыстық сотының алқасы іс материалдарын зерделеп, кертей келе сот үкімі шығарған кезде бірінші сатыдағы сот сотталушының жасаған заңсыз әрекеттеріне шынайы өкінуі, оның мүгедектігі, онкологиялық ауруы, оң сипаттамалары, келтірілген мүлктік залалды толық өтеуі, сондай-ақ жәбірленуші тараптың қатаң жаза тағайындауды талап етпейтіні туралы арызбен жүгінгені секілді мән-жайларды ескере отырып, қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілік дәрежесін едәуір азайтатыны, төмендететіні дұрыс танылған деген қорытындыға келді. Сондықтан ҚК-нің 55-бабының 4-тармағын қолданып, қылмыстық құқық бұзушылық сараланған Қылмыстық кодекс санкциясында көрсетілмеген жазаның неғұрлым жеңіл түрін, бас бостандығын шектеуді тағайындауға негіздер бар деп алқа тұжырым жасады.

Осылайша ҚК-нің 189-бабы, 4-бөлігі 2-тармақшасы бойынша 7 жылға бас бостандығын шектеу түрінде сотталушы Т-ға Балқаш аудандық соты кескен үкім өзгеріссіз, ал прокурордың өтінішаты қанағаттандырылмай қалдырылды. Қаулы заңды күшіне енді.

**— Сот арқылы құқықтарын қорғатып, заңнамаға сәйкес мемлекеттен тұрғын үй алған көп балалы ананың алғысын ағытқанын да елден естіп жүрміз.**

— Қонаев қаласының 46 жастағы тұрғыны, алты баланың анасы (некеде тіркелген) 2015 жылдың ақпан айында «Күміс алқа» атағын алған. Ал елімізде көп балалы отбасыға көп балалы аналардың мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуына мүмкіндік берілген. Алматы облыстық мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына жүгінген ана тұрғын үй кезегінде тұрғанымен, кезектен ұсырылып қалғанын айтқан еді. 2021 жылдың жазында қалалық мемлекеттік тұрғын үй қоры арқылы көпбалалы тұрғын үйден баспанға мұқтаж жан-дұрға 85 пәтер үлестіріліп, оның 17-сі «көп балалы отбасы» санатындағыларға берілген. Алайда, тұрғын үй комиссиясы № 17 кезекте тұрған (2021 жылғы тамыздағы жағдай бойынша) «Күміс алқа» иегері, 6 баланың анасына тұрғын үй беруден бас тартқан. Себебі, оның жеке меншігінде пәтері болған. Пәтерді Қонаев қаласынан күйеуі екеуі 2021 жылы несиеге «Отбасы банкі» кепілімен сатып алған екен. «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңның «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалаған тұрғын үй беру нормасы» атты 75-бабы, 1-тармағында «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалаған тұрғын үй әр адамға кемінде он бес шаршы метр және көп дегенде он сегіз шаршы метр пайдалы алаң, бірақ кемінде бір бөлмелі пәтер мөлшерінде немесе жатақханадан бөлме беріледі» деп нақтыланған. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің анықтамасы бойынша: талап қоюшы несиеге сатып алған 66 ш.м. пәтерде 8 адам тұратындықтан, санитарлық нормаларға сәйкес келмейді. Қонаев қалалық сотының сот отырысында визуалды тексеру кезінде «санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің қорытындысы дұрыс, талап қоюшының отбасына тұрмыстық жағдайын жақсарту қажет» деген қорытындыға келген. Талап қоюшының отбасы мүшелерінің ешқайсысында жоғарыда көрсетілген пәтерден басқа баспанасы жоқ екені де анықталған. Осы деректерді және «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңның 73-бабы, 3-тармағының осы санаттағы кезекте тұрған адамдар тұрғын үй алғанға дейін одан шығаруға жатпайтыны туралы нормасын ескере отырып, талап қою қанағаттандырылды. Сот Қонаев қаласы әкімдігі жанындағы тұрғын үй комиссиясын — мемлекеттік тұрғын үй қорынан 6 баланың анасына баспана беру мәселесін қайта қарауды міндеттеді. ӘРПК 171-бабы, 2-тармағына сәйкес жауапкер сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін бір ай ішінде сот шешімін орындауға және бұл туралы сотты хабардар етуге міндетті.

**— Салиқалы сұхбатыңызға рақмет!**

**Нұрбол ӘЛДІБАЕВ,**  
**«Заң газеті»**  
Қонаев қаласы,  
Алматы облысы

БІЛГЕН ЖӨН

ІНДЕТ

## ӘКІМШІЛІК ТАЛАП ҚОЮДЫҢ САНАТТАРЫ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

Жария-құқықтық қатынастарда бұзылған құқықтарды, бостандықтар мен заңды мүдделерді қорғап, қалпына келтіруде сотқа дау айту, мәжбүрлеу, әрекет жасау және тану санатындағы талап қоюлар беріледі. Әкімшілік іс осындай талап қоюлар негізінде қозғалады.

Мәселен, атқарушы билік тарапынан адамның құқықтары мен бостандықтарына, заңды мүдделеріне нұқсан келтіріп, ауыртпалық түсіретін әкімшілік акт қабылданса заң шеңберінде оның толық немесе бір бөлігінің күшін жоюға болады, бұл үшін сотқа дау айту туралы талап қойылады. Ал мәжбүрлеу туралы талап қабылдаудан бас тартылған немесе әкімшілік органның лауазымды адамның әрекетсіздігі себебінен қабылданбаған қолайлы әкімшілік актіні қабылдату үшін беріледі. Белгілі бір әрекетті жасауды, сондай-ақ әкімшілік актінің қабылдануына қатысы жоқ әрекеттерден қалыс қалуы қалаған адам сотқа әрекет жасау туралы талаппен жүгінеді. Жоғарыда аталған талап қоюлар (132,133,134 баптар) берілмей қалса талап қоюшы қандай да бір құқықтық қатынастың бар-жоқтығын тануды, сондай-ақ заңды күші жойылған, ауыртпалық түсіретін әкімшілік актіні заңсыз деп тануды талап етуге құқылы.

Азаматтың құқықтары мен заңды мүддесі, бостандығы әкімшілік актіде қозғалғанымен, оның қабылданғанынан хабарсыз болуы салдарынан әкімшілік рәсімге қатыспауы мүмкін. Алайда, оның акті туралы білген соң бір ай, акті қабылданған күннен бастап бір жыл ішінде сотқа талап қою мүмкіндігі бар. Шағымды қараған органның шешімін алған шағымданушы бір айда немесе шағым бойынша шешім қабылданбаса, оны қарау мерзімі өткен соң, талап қоюмен сотқа жүгінуге құқылы.

Талап қоюдың Әкімшілік рәсімдік процесі кодексімен белгіленген (136-бап) мерзімдері бар. Істі қарау мерзімі әкімшілік рәсім сот отырысында талқылау-

ға тағайындалған күннен бастап есептеледі. Дау айту және мәжбүрлеу туралы талап қоюларды беру уақыты тиісті органның шағымды сотқа дейінгі тәртіпті қарау нәтижесінде шығарған шешімі табыс етілген күннен бастап бір айдан кешіктірілмеуі тиіс. Заңда сотқа дейінгі тәртіп көзделмесе, сондай-ақ, шағымды қарау туралы орган болмаса, талап қою даулануға жататын әкімшілік акт табысталған немесе заңда белгіленген тәртіппен хабарланған күнді қоса есептегенде сотқа бір ай ішінде беріледі. Әрекеттің жасалғанын білген адам заңда белгіленген мерзім өткен соң бір айда әрекет ету туралы талаппен сотқа жүгіне алады.

Тану туралы талап қоюды сотқа даулы құқықтық қатынас туындаған соң бес жыл ішінде беруге болады. Ал заңды күші жоқ, ауыртпалық түсіретін әкімшілік актіні заңсыз деп тануды осы акт арқылы оның құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері бұзылғанынан хабардар болысымен үш айда береді. Егер сот орындаушысы атқарушылық құжаттарды орындауда қандай да бір әрекет жасамаса, яғни, уақыты мен орны туралы хабарламаса өндіріп алушы не борышкер бұл туралы он жұмыс күні ішінде сотқа шағымдануға құқылы.

Талап қоюды сотқа беру мерзімін өткізіп алған жағдайда оның себептері мен мәні сот тыңдауында алдын ала анықталады. Талап қоюды сотқа беру мерзімін еш себепсіз өткізіп алынуы және оны қалпына келтіруден бас тартылуы талап қоюды қайтаруға негіз болады. Егер талап қоюды беруге арналған мерзім дәлелді себеппен өткізілсе оны сот Азаматтық процесі кодекстінің қағидаларына сай



Аружан АЯЗБАЕВА, Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының Сот әкімшісі міндетін атқарушы

қалпына келтіреді. Қабылданған талап қою мәні бойынша қаралады және сот шешімі соның нәтижесінде қабылданады.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдері мен әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттеуде маңызды артықшылықтарға ие. Онда мемлекеттік органдар әрекет ететін істерді қарауда азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктері белгіленген. Басты ерекшелігі ретінде актіге шағым түскен соң әкімшілік органның үш күн ішінде істі жоғары тұрған органға жібермей-ақ өз қатесін түзете алатынын, сондай-ақ, істі бітімгершілікпен бітіруге мүмкіндігін атауға болады. Әкімшілік әділет азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін тиімді қорғауымен, сонымен қатар, әкімшілік органдардың қызметінде орын алуы мүмкін заңсыздықтарды жоюымен маңызды.

Елімізде соңғы жылдары жемқорлықпен күрес жұмыстары жандана түсті. Соның арқасында жемқорлық деректерінің біршама азайғаны байқалады. Дегенмен, жемқорлықтың тақырына түпкілікті балта шабу басты мақсатымыз болғандықтан, онымен күресті тоқтатпай, керісінше уақыт сұранысына сай түрлендіріп, барынша жандандыру қажет.

## ҚОҒАМДЫҚ КҮРЕСТІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН КЕСЕЛ

Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жемқорлыққа қатысты «Түпкі мақсат – сыбайлас жемқорлықтан таза қоғам қалыптастыру. Жемқорлықты жою үшін оған бүкіл ел болып қарсы тұруымыз керек. Оған қоса заңнамалық шаралар қабылдауға тиіспіз. Сонымен бірге, жемқорлыққа қатысты қылмыстарды анықтау және ашу жөніндегі жұмыстарды күшейту қажет. Сонда ғана жемқорлықпен табанды түрде күресе аламыз» деген болатын. Сондықтан елімізде жемқорлықпен күрес жұмыстары кешенді түрде жүргізіліп жатыр.

Заңнамалар қатаңдатылып, құқық қорғау органдары тарапынан түрлі роликтер көрсетіліп, көшелерде де жемқорлыққа қарсы билбордтар ілініп жатыр. Телеарналар арқылы да жемқорлықтан бас тартуға шақырған түрлі бейнероликтер жиі көрсетілуде. Демек, жалпы халықтың бойында жемқорлыққа қарсы түсінік пайда болды дей аламыз. Дегенмен, халықтың жемқорлыққа қарсы иммунитетін қалыптастыру үшін әлі де болса көп жұмыстар қажет екені сезіледі. Соның ішінде жемқорлыққа жол берудің түбі жақсылыққа апармайтыны жайлы, құқықтық салмағын айқындайтын да жұмыстар қажет екені байқалады.

Жемқорлықпен күресті нәтижелі ету үшін халықтың құқықтық сауатын да арттыру қажеттігі сезіледі. Құқығын білген кез келген азамат жемқорлықтан бас тартып, оның құқық бұзушылық екенін біле тұра сыбайластыққа бармайды. Сондықтан алдағы уақытта

жұмыстар осы уақытта жүргізілуі керек деп санаймын. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Сондықтан оған қарсы тұру әрбір азаматтың міндеті.

**А. ШАРИПБАЕВ,**  
Қонаев қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы,  
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ



ТҮЙТКІЛ

## АНА МЕН БАЛА САУЛЫҒЫ АЛАҢДАТАДЫ

Еліміздің көп өңірінде, әсіресе, шалғай ауылдарға қатысты денсаулық саласында мәселе жетерлік. Айталық, мұның бірі – ана мен бала жағдайына тірелетіндей. Бір өкініштісі, айтуға ауыр статистиканы сөйлетсек, Қазақстанда орта есеппен бір жылда 3 мыңнан астам сәби шетінейді екен. Айналып келгенде, «біздің отандық медицина ана мен бала саулығына қай деңгейде назар аударып отыр?» деген сұрақ туатыны заңдылық. Расымен осындай жағдайлар сәби күтіп жүрген жас отбасыларды да алаңдатып отыр.



Бүгінде медицина саласына қатысты ведомство елдегі бала шетінеу көрсеткіші сонау 90-шы жылғы тоқырау жылдарына қарағанда әлдеқайда азайғанын алға тартып әлек. Онысы рас, көрсеткіш ол уақытпен салыстырғанда көп төмендеген. Мұны 2015 жылы БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) техникалық қолдауымен сәби шетінеуіне қатысты дерегімен де келтірсек болатын шығар. Мысалы, 90-жылдары 1000 сәбиге шаққанда 53 сәби шетінеген болса, 2015 жылы көрсеткіш 1000 сәбиге шаққанда 16-ға азайған. Ал 2022 жылы 1 жасқа дейінгі қайтыс болған нәрестелер саны 3 154-ті құрады, 1000 тірі туған балаға шаққандағы көрсеткіш – 7,68. Яғни, 2015–2022 жылдары аралығында сәби шетінеу көрсеткіші 2 есеге азайды деп толық айта аламыз. Бұл да салаға бөлінген қыруар қаржының, медициналық жабдықтардың жеткізілуінің арқасы. Бірақ мәселе әлі түбегейлі жойылмады.

Бір белгілісі, мамандар елімізде сәби өлімінің негізгі себебі ретінде перинаталдық кезеңде пайда болатын жағдайларды, яғни бала дүние есігін ашқаннан кейінгі алғашқы 7 күнде болатын жайттарды айтады. Дұрысы, босануы ауыр өтіп, нәресте салмағының аз болуы, шала туу, генетикалық немесе ауытқулар болғанда көпшілігі бір аптадан ұзамай шетінеп жатады. Қазір елде шала туған нәрестелердің өмірін сақтау 70-80 пайыздық межеге жеткен. Демек, әр 10 нәрестенің 7-8-ін аман алып қалуға болады екен.

Шетінеуге себеп болған екінші жағдай – туа біткен ауытқулар болса, үшіншісі, жұқпалы және паразиттік аурулар. Бұдан кейін тыныс алу органдарының аурулары, ал соңғысы – жазатайым оқиғалар. Бұған сәбидің ұланып қалуы, жақындырының кесірінен жарақат алатын оқиғалар. Байқасаңыз, статистикадағы мұндай өсімге кейбір ата-ана мен бала күтушілердің жауапсыздығының да үлесі бар. Мақала барысында айтылғандай, берілген есепке сүйеніп елдегі бала өлімі азайды десек болар. Бірақ сәбидің шетінеуіне қатысты мәселе толыққанды шешілмеді. Сондықтан Үкімет ана мен бала өмірін сақтауда қолдау шараларын басты назарда ұстауы тиіс.

**Шернияз ЖАЛФАСБЕКҰЛЫ**

АБАЙ – 180

Абай мұрасы – қазақтың ең қасиетті, теңдесі жоқ алтын қазынасы. Жылдар өткен сайын халқымыз ғұлама ақынның рухани дүниесіне терең бойлап, оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түсуде.

## АБАЙДЫ ОҚЫ, ЖАЛЫҚПА!



Қазақтың маңдайына біткен шоқ жұлдызы, хакім Абайдың мұрасы – сарқылмас қазына. Оның жүрек шерімен жазған өлеңдерінің тағылымы тереңде жатыр. Абайдың дүниетанымының қалыптасуына гуманистік идеяларды ұстанған шығыс ақындары мен ғалымдары (Фирдауси, Әлишер Науаи, Низами, Физули, Ибн Сина және басқалары), сонымен қатар орыс классиктерінің шығармалары және солар арқылы жалпы Еуропа әдебиеті әсер етті.

Қазақтың маңдайына біткен шоқ жұлдызы, хакім Абайдың мұрасы – сарқылмас қазына. Оның жүрек шерімен жазған өлеңдерінің тағылымы тереңде жатыр. Абайдың дүниетанымының қалыптасуына гуманистік идеяларды ұстанған шығыс ақындары мен ғалымдары (Фирдауси, Әлишер Науаи, Низами, Физули, Ибн Сина және басқалары), сонымен қатар орыс классиктерінің шығармалары және солар арқылы жалпы Еуропа әдебиеті әсер етті.

Абай 170-тен астам өлең жазды. 56 аударма мен философиялық трактаттар стилінде жазылған 45 «Қара сөздің» авторы. Қара сөздері тақырып ауқымдылығымен, дүниетанымдық тереңдігімен, саяси-әлеуметтік салмақтылығымен құнды.

Осы ретте, ҚР Жоғарғы Сотының тапсырмасымен Ақтөбе өңірінің соттарында Ұлы Абайдың 180 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған ақын өлеңдерін оқу челленджі сәуір айынан басталып, қараша айына дейін жалғасатын болады.

Ұлы тұлғаларымызды таныту мерейтойлық сипат алып жататыны өкінішті. Абай мұрасын насихаттау белгілі кезеңдер кезінде

ғана емес, жүйелі түрде жүргізіліп жатса құба-құп болар еді. Әйтсе де арнайы «Абай күніне» орай және мерейтойлық жылдары хакім мұрасына кеңінен пейіл білдіріп жатса, оны да қуанышпен қабыл аламыз.

Абайтануды жандандыруымыз керек. Түрлі конкурстар ұйымдастырып, олар туралы жазып, халыққа таратып, Абайдың «толық адам» ілімін халыққа түсіндіру керек. Сол кезде адам өзінің өмірде жеткен деңгейін түсініп, алға ұмтылар еді. Сондай-ақ, әрбір қалада Абайдың ескерткіші тұру керек. Сонда әр қазақ Абайды есіне түсіріп, ілімін ұғынып алар еді.

Біз Абайды дұрыс түсініп, оның мұрасын дұрыс қолданатын болсақ, өмірдегі көптеген қиыншылықтарды оңай шеше алар едік.

Қазақ қоғамы түпкілікті қазақша сөйлемей, ұлт тілінде ойланбай, Абайды түсіне алмайды. Сол себепті алдымен құрдымға кетіп бара жатқан қазақтың тілін аман сақтап қалу керек. Сонда ғана қазаққа Абай келеді деп есептеймін.

Екінші мәселе, Абайды мектепте оқыту дұрыс жолға қойылмаған. Көбіне шаласауат мұғалімнің кесірінен оқушы мектепті бітіргенде Абайды біліп емес, Абайдан жеріп шығады. Бірақ, жасалып жатқан жұмыс та аз емес. Әлем де уақыт кезеңі өткен сайын Абайды тану үстінде.

**Еркін ИСМАГУЛОВ,**  
Ақтөбе қаласы мамандандырылған тергеу сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

## КӨЗҚАРАС

Қазақ халқы қай дәуірде болсын отбасын қасиетті ұғым деп танып, оны ұлттық тәрбиенің, рухани байлықтың, адамгершілік бастауының негізі санаған. «Отан – отбасынан басталады» деген қанатты сөз текке айтылмаған. Себебі әрбір мемлекеттің іргесі – сан мыңдаған шаңырақтан құралған. Ал сол шаңырақтардың ішінде орныққан өзара сыйластық пен махаббат, тәрбие мен татулық – ел болашағының кепілі.

## БЕРІК ОТБАСЫ – БЕРЕКЕЛІ ЕЛДІҢ ТІРЕГІ

Бұл жөнінде психолог маман Мөлдір Тоқжанқызы да былай деп пікір білдіреді: «Бала – айна іспетті. Ол өз отбасынан көрген мінез-құлықты, қарым-қатынасты бойына сіңіреді. Егер ата-анасы бірін-бірі тыңдап, түсінісіп, сыйластыққа өмір сүрсе, бала үшін бұл – норма болады. Мұндай ортада өскен жеткіншек бола-

шақта мейірімді, жауапты, рухани бай тұлғаға айналады», – дейді маман.

*Отбасылық құндылықтар дегеніміз не?*

Отбасылық құндылықтар – бұл тек моральдық қағидалар жиынтығы ғана емес, бұл – қоғамның адамгершілік бейнесін қалыптас-

тыратын, отбасы мүшелерінің бір-бірімен қарым-қатынасын реттейтін сенімдер мен ұстанымдар жүйесі. Оларды былайша жіктеуге болады: сыйластық – әрбір отбасы мүшесінің жеке пікірі мен таңдауына құрметпен қарау; махаббат пен мейірім – адамгершілік пен жақсылықтың бастауы; жауапкершілік – ата-ана мен бала арасындағы өзара міндет-

тер мен сенімділік; төзімділік пен түсіністік – келіспеушіліктерді сабырмен шешу; қамқорлық пен қолдау – қиын сәтте жанынан табылу, бір-бірін жігерлендіру. Бұл құндылықтар отбасында бала дүниеге келген сәттен бастап, оның өсуі мен дамуына, өмірлік көзқарасының қалыптасуына зор әсер етеді. Құр-

мет көрсету, кішіге ізет білдіру – отбасы тәрбиесінің ажырамас бөлігі. Мұндай ұстанымдар арқылы бала ұлттық болмыс пен салт-дәстүрге жақын болып өседі.

Отбасы – адам өміріндегі ең алғашқы әлеуметтік орта. Мұнда бала өмірге бейімделіп, тұлғалық қасиеттерін дамытады. Демек, отбасы ішіндегі әрбір әрекет, әрбір сөз – болашақ азаматтың сана-сезіміне әсер етеді. Бүгінгі балаға берілген тәрбие – ертеңгі қоғамның келбеті. Сондықтан ұлт ретінде іргемізді берік ұстағымыз келсе, отбасы құндылықтарын мықты ұстануымыз қажет. Мемлекет тарапынан да отбасы институтын нығайтуға арналған түрлі бағдарламалар мен қолдаулар көрсетілуіде. Дегенмен, басты тірек – әр шаңырақтың ішіндегі тәрбие мен өзара түсіністік.

Халқымыздың тарихына үнілер болсақ, отбасы құндылықтары – ұлттық болмыстың тірегі болғанын байқаймыз. Қазақта үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету – тәрбиенің басты қағидасы еді. Отбасы құндылығының бұзылуына жол бермей, оны сақтап қалуға ата-балаларымыз ерекше мән берген. Сондықтан да бүгінгі күні отбасылық құндылықтарды сақтау – мемлекеттің де идеологиялық басымдығына айналуы қажет.

Ұлттық тәрбиенің өзегі саналатын отбасы институтын қолдап, насихаттауға бағытталған нақты қдамдар жүзеге асуы тиіс. Өйткені әрбір бақытты отбасы – ел болашағының берік кірпіші.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,**  
**«Заң газеті»**

## ТАРАТУ

3. «B8 production» ЖШС, БСН 181240016427, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, «Таугұл-3» ықшамауданы, Дәуленов көшесі, 67 үй, тел.: 87472877199.

7. «KUAT-LINE» ЖШС, БСН 190840010307, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақмола обл., Целиноград ауданы, Қосшы қаласы, С.Сейфуллин көшесі, 51 үй. Тел. +77015223963.

8. «Ibrahim Service» ЖШС, БСН 130840017376, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау обл., Атырау қаласы, «Самал» ықшамауданы, №931 көше, құр. 36. Тел. 87015432995.

9. «Esentai SPA» ЖШС, БСН 241040040068, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, әл-Фараби даңғылы, 77/8 ғимарат. Тел. +77078092544.

10. «Clinic GOLD» ЖШС, БСН 241040006486, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 010000, Астана қаласы, Нұра ауданы, Әйтеке би көшесі, 3 үй, А блогы.

14. «Ынтымақ-су» суды пайдаланушылардың ауылдық тұтыну кооперативі, БСН 080240004648, өзінің таратылуы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шығыс Қазақстан облысы, Ұржар ауданы, Южное ауылы, Юбилейный көшесі, 2. Тел. 87772177462.

15. «Кулайша Сервис» ұйымы» ЖШС, БСН 220640035158, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Күйші Дина көшесі, 25/1 үй, 131 пәтер. Тел. 87017307719.

16. Алматы облысы, Қонаев қаласы, Индустриальная көшесі, 7 үй мекенжайында орналасқан «ALG Ломбард» ЖШС филиалы 18.04.2025 жылдан бастап жабылғанын хабарлаймыз. Барлық сұрақтар бойынша Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 548/7 үй мекенжайы бойынша хабарласуға болады.

17. Алматы қаласы, Хмельницкий көшесі, 11 үй мекенжайында орналасқан «Автоломбард Quick finance» ЖШС филиалы 18.04.2025 жылдан бастап жабылғанын хабарлаймыз. Барлық сұрақтар бойынша Алматы қаласы, Шоқай көшесі, 85 үй мекенжайы бойынша хабарласуға болады.

21. «IT SERVICE (Айти Сервис)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 220440046285, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Ж.Досмұхамедов көшесі, 57 ғимарат.

24. «Sauab travel» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 250140016426, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Көктерек а/о, Дархан елді мекені, Қ.Қилыбаев көшесі, 4 үй. Тел.: 87017439408.

26. «Кәміл» ЖШС, БСН 050540012664, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қа-

былданады: Қазақстан, ОҚО, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылдық округі, Шәуілдір ауылы, аты жоқ көше, үй нөмірі жоқ, пошта индексі 160700.

27. «Alibek Erbayevich» ЖШС, БСН 240540005522, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Әнет Баба көшесі, 6 үй, 26 кеңсе, телефоны +77085863059.

28. «Нұрасыл-Ж» АӨК, БСН 230340012477 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Базаршолан ауылы, Теректі көшесі, 26 үй.

29. «ТехТрансТорг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 170640021959, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Әзербайев көшесі, 67, тел.+ 77071637991.

## ӘРТУРА

2. Панфилов ауданының «Жаскент ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, БСН 130340000690, таратылуына байланысты Панфилов ауданының «Жаркент қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің, БСН 130340000076, құрамына қосылатынын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап қолданыстағы заң талаптарына сәйкес мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Н.Н. Головацкий ауылы, Тен Ин Гер көшесі, 24. Байланыс телефоны: 87283136106, 87283136271.

6. «Ұлттық ғылыми онкология орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін қайта ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы ҚР Үкіметінің 2025 жылғы 28 наурыздағы №180 қаулысына сәйкес «Ұлттық ғылыми онкология орталығы» ЖШС (бұдан әрі – Серіктестік), БСН 180740003103, шығыстарын оңтайландыру мақсатында Серіктестікті оған «Ұлттық онкология және трансплантология ғылыми орталығы» ЖШС еншілес ұйымын қосу жолымен қайта ұйымдастыру көзделген. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Керей, Жәнібек хандар көшесі, 3/2 ғимарат.

11. «Sayahat Realty» ЖШС, БСН 180940027792, жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 5 үй, 2А павильон, 8 қабат, БО «Нұрлы Тау». Тел. +77072272424.

18. Ақмола облысы ветеринария басқармасының жанындағы «Атбасар ауданының ветеринариялық станциясы» ШЖҚ КМҚ, БСН 120440016748, жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды (69 989 097 теңге 12 тиыннан 68 291 385 теңге 12 тиынға дейін). Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы, Атбасар ауданы, Атбасар қаласы, Жеңіс көшесі, 72 үй. Тел. 87164354471.

12. Битшендіктің алдын алу шаралары Битшендік – тері мен шаштың паразиттік ауруы. Инфекция көзі – науқас адам. Битшендік аурумен ауырған адамның жеке гигиеналық заттарын киім-кешек, төсек орындарын, тарақтарын, т.б ортақ қолданған жағдайда жұғуы мүмкін. Отбасы мүшелерінде битшендік анықталған жағдайда міндетті түрде емдеу талап етіледі. Битшендікпен ауыратын науқас анықталған жағдайда, битшендік ошақтарында залалсыздандыру жұмыстарын Ұлттық сараптама орталығының филиалдары ұйымдастырады және жүргізеді. Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 мамырдағы ҚР ДСМ-44 бұйрығы «Паразиттік аурулардың алдын алу жөніндегі санитарлық-эпидемиология қарсы және санитарлық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» негізінде қалалық, аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқарма тарапынан келіп түскен өтінімдер бойынша жұқпалы аурулар ошақтарында қорытынды залалсыздандыру жұмыстары жүргізіледі. Битшендік ошақтарында қорытынды дезинфекция жұмыстарына дезинсекциялық препарат қолданылады. Ошақтағы жұмсақ беттен кілемдер, еден жабындары, жұмсақ маталар және жұмсақ жиһаздар дезинсекциялық препаратты шашырату, науқастың жеке бастың гигиеналық заттарын дезинсекциялық ерітіндіде толық батыру жолымен және науқастың төсек жабындары, киім-кешектері арнайы қапқа салынуы, дезинфекциялық камерада +98С температурада қыздыру жолымен 30 минут залалсыздандырылады. Жеке бас гигиенасын сақтап жүрейік!

**Г.А. ТАСТАНОВА,**  
**ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ РМК**  
**Түркістан облысы бойынша**  
**дезинфекция орталығы филиалының**  
**Түркістан қалалық дезинфекция**  
**секторының нұсқаушы дезинфекторы**

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Криволиова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Тrade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133. ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС. Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естап көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішев көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

## Баспасөз – 2025

### Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылысаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

### «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

19. «Polymer Connect» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 160640020710, «ErgoPack» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, БСН 970740001251, қосылу арқылы өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Москвин көшесі, 14.

20. 22.04.2025 ж. № 101 Қаулының негізінде «Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 630140000063, өзінен «Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бөлініп шығуы арқылы қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, СҚО, Тимирязев ауданы, Тимирязев а/о, Тимирязев ауылы, Уәлиханов көшесі, 1 үй.

22. «КУСА Халық» ЖШС осымен «КУСА Халық» ЖШС, БСН 130140018696, «Халық Актив» ЖШС-не, БСН 130140018616, қосылуы арқылы өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы кредиторларға хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Жамақасев көшесі, 99 үй, пошталық индексі А29Р6Б5. «Халық Актив» ЖШС тапсыру актісіне сәйкес «КУСА Халық» ЖШС-нің барлық құқықтары мен міндеттерінің заңды мұрагері болып табылады.

23. «Халық Актив» ЖШС осымен «КУСА Халық» ЖШС, БСН 130140018696, «Халық Актив» ЖШС-не, БСН 130140018616, қосылуы арқылы өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы кредиторларға хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Нұрлан Қаппаров көшесі, 368 үй, 2а бөлме, пошталық индексі 050044. «Халық Актив» ЖШС тапсыру актісіне сәйкес «КУСА Халық» ЖШС-нің барлық құқықтары мен міндеттерінің заңды мұрагері болып табылады.

25. «GoldFinMarket» Ломбарды» ЖШС, БСН 230140025888, 09.04.2025 ж. бастап жаңа заңды мекенжайы туралы хабарлайды: ҚР, Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылдық округі, Шәуілдір ауылы, Жібек жолы даңғылы, 29/1 үй.

## МҰРАГЕРЛІК

4. 2024 жылдың 11 желтоқсанында Саржезденов Иемберди Адилакиновичтің қайтыс болуына байланысты артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер төмендегі мекенжай бойынша: Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген Батыр ауылы, Титов көшесі, 41Б ғимарат, 210-211 каб., нотариус Е.Б. Бекқожаевқа хабарлассын. Тел. 87071624991, 87781624993.

5. 1996 жылы 7 қыркүйекте қайтыс болған Рахметов Рахат Зинатұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел. 87022334499.

13. 12.11.1970 жылы туылған аз. Турашев Мырзалы Кошарбаевичтің 2025 жылы 25 қаңтарда қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылған. Барлық мұрагерлердің Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Т.Мадиходжаев көшесі, №15 ғимарат мекенжайында орналасқан нотариус Жолдасов Динмуханбет Алданиязовичке хабарласуын сұраймын. Тел.: +77781000983.

«Релама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (7700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖК О аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Вудай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

## ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru

## ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолың көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz» Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99. г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509 e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

**(Соңы. Басы өткен санда)**

Амалының жоқтығынан жұмыртқа клеткаларын қайта-қайта алдырып, содан түскен ақшамен қарызын жауып, қалғанын керегіне жаратып жүргенге ұқсайды. Ол да таусылуға жақын. Соңғы рет жұмыртқасына ине шаншуы сәтсіз өткендіктен ағзасына инфекция еніп, қабыну басталған.

– Сен бұл айтқандарыңды полицияда қайталап бере аласың ба? – деп сұрады Сая.

– Мен сияқтыларды кім тыңдайды? Олардың «крышасы» мықты ғой, – деді Ұлдана мұңая.

– Бір амалы табылар. Ең бастысы, сен сөзіңде тұрсаң болғаны.

– Сөзімде тұрам. Енді менің аянарым жоқ. Ауылға қайтып бара алмаймын. Әке-шешемнің бетіне шіркеу болғым келмейді.

Өзін түбі тесік шелектей сезінеді. Сондықтан кез келген жолмен ақша тауып, басқа қалаға кетіп қалғысы келіп жүр екен. Бірақ ауруы жолын байлап тұр.

\*\*\*

Сая сол күні үйіне кеш қайтты. Ұлданы ойлап, жүрегі езілді. Ара-тұра дәрілер, азық-түлік апарып беріп тұрды. Жағдайы жақсарғасын Сая Ұлданы ертіп, жеке заңгер кеңесшіге келді.

– Саламатсыз ба? – деді Сая кеңсеге келгенін.

Орта жастағы қалың қабақты жігіт ағасы күрсіне көзілдірігін шешіп, бұларға қарады да:

– Иә. Тыңдап тұрмын. Айта беріңіздер. Не болды? – деді.

– Біз сізден кеңес алуға келіп едік. Менің атым – Сая. Сіңлімнің аты – Ұлдана, – деді жас әйел орындыққа жайғасқасын. – Біз бір себептермен медициналық орталыққа барып едік, олардың жұмысында былық көп екен. Солардың кесірінен Ұлданың денсаулығы нашарлаған. Толық емделуге ақшасы жоқ. Ал орталықтың қызметкерлері өз кінәларын мойындамай отыр. Не істерімізді білмей жүрміз.

– Ол қай орталық? Қандай қызмет көрсетті сіздерге?

– ЭҚҰ орталығы. Менің де ана болмақ ойым бар еді. Бірақ Ұлданың әңгімесін тыңдағасын ол ойымнан айнып отырмын. Бұл қызымыз донор ретінде бірнеше рет аналық торшаларын тапсырған екен. Сол іс-шарадан кейін Ұлданың жыныстық мүшелері қабынған.

– Менің сіздерге айтар кеңесім – полицияға жүгініңіздер.

– Жоқ. Мен бұл іспен сіздің айналысқаныңызды қалаймын. Соңына дейін жеткізіп берсеңіз...

– Соңы деген сіздер үшін не?

– Ұлданың аурудан айығуы, кінәлілердің жазалануы. Абылай Әзімханұлы, сіздің қоңыраудан келеді ғой. Көмектесіңізші. Сізден басқа сенер кіміміз бар біздің?

Таныс сөздер. Ауыр сөздер. Абылай жолда жүк қалдырмаудан шаршады. Нар болудан шаршады. «Қара нар жүк көтермес бел кеткен соң...» Зейнеткер подполковник телефонын алып, сан терді.

– Болат, саған бұйымтайым болып тұр. Бір қарындастарға көмек керек. Қазір саған барса бола ма? – деді амандық-саулықтан соң.

Әңгіме біткесін телефонын өшіріп, үстел үстіне қойды да, бұларға қарап сөзін жалғады.

– Сая, Ұлдана, айналайын қарындастарым, ағаларың көмектесуден қашты деп ойламаңдар. Қажет болсам, осы жердемін. Сендерді күтіп отыр. Ал, жолдарың болсын!

Мұңлық пен зарлық болған екеуі полиция басқармасына келіп, капитан Болат Саймасайдың қабылдауында болды. Ол бұларды мұқият тыңдады да, істі өз қолына алатынын айтты.

\*\*\*

Сая Ұлданы ақылы клиникаға емдеуге жатқызыды. Емдеуші дәрігері Зылиха апай өте мейірімді жан болып шықты. Ұлданаға қызындай

қарап, аналық мейірімін сыйлады. Көптен бері мұндайды басынан кешпеген бейшара қыз майдай еріді. Күн көзінен тыс қалған жас шыбық енді ғана жылуға қарық болды. Өкіл әпке мен өкіл шеше тапқанына қуанышы шексіз. Ұлданың емі ұзаққа созылды. Стационарлық емнен кейін, амбулаторлық ем, соңынан шипажайда ем қабылдауы тиіс. Зылиха

жүргендерді әшкерелеу, үшіншісі – астыртын аборт жасайтындарды әшкерелеу. Ол үшін бізге жасырын камералармен видеоға түсіретін «құпия сатып алушы» қажет. Қылмысты істеу барысында қолынан шап беріп ұстамасаң, жалтарып кетеді.

– Мен барам. Олар бір-бірін танымайды. Сондықтан үшеуіне де «құпия сатып алушы» бола аламын.

кен екенсіз. Енді тағы бір-екеуінен өтуіңіз керек. Мына тексеруіңіздің нәтижесі көңілге қонымсыз. Ондай сандармен ЭҚҰ жасауға рұқсат бермейді. Сондықтан оларды өзгерту керек, – деді.

– Мен ондайларды түсінбеймін. Шынымды айтсам, түсінгім де келмейді. Бәрін өзіңіз тындырыңызшы. Мен сізді риза қылам, – деді Сая.

сөре астынан бір қорап дәріні үстел үстіне тық еткізіп қойды да:

– Он мың теңге беріңіз, – деді.

Сая жалма-жан сөмкесінен ақша шығарып бере қойды. Осы кезде андып тұрған полиция қызметкерлері дәріханаға сау етіп кіріп, қаша жөнелмек болған қылмыскерлерді ұстап үлгерді.

\*\*\*

Келесі жұмыс – астыртын түсік жасайтын Ася есімді гинекологты құрықтау. Бөлімшеге Сая кештетіп барды. Дәрігер мұны зіркілдей қарсы алды.

– Не керек? Қанша рет айттық қой, «телімдік дәрігерден жолдама алып, күндіз келіңдер» деп. Келесіңдер де тұрасыңдар өстіп, мөлііп. Не боп қалды?

– Апай, көмегіңіз керек болып тұр.

– Мен Тереза шешей емеспін.

– Апай, мен... байқамай... жүкті болып қалыппын.

– «Байқамай» дейсің бе? – Дәрігер қарқылдай күлді. – Желдеткіштен кіріп кетіп пе ішіңе?

– Апай, маған бала тууға болмайды. Тұрар жерім жоқ. Ақшам жоқ. Баланы алып тастай салыңызшы, – деді Сая жалынышты үнмен.

– Алып тастай салатындай ол етекке жабысқан тікенек пе еді? Әркіммен бір сүйкене саласыңдар да, болары болғасын, бізге кеп жалынасыңдар. Рахатын сендер көресіңдер. Күнәні біз көтеріміз.

– Апай, ақша берем.

– Күнәнің өтеуі қанша екен? Қанша бересің?

– Қанша десеңіз, сонша берем ғой.

– Өй, желөкпе, желікпе қатын-ай, осынша жасқа келгенше бала құсап, қағынып.

Сая сөмкесінен ақша алып, үстел үстіне қойды. Дәрігер жан-жағына ұрлана қарады да, буманы қолымен ұстамай, үстел үстінде жатқан газетпен итермелеп, тартпаға сүңгітіп жіберді.

Сосын түк болмағандай орнынан тұрды да:

– Жүр соңымнан! – деді бұйыра.

Полиция қызметкерлері бөлмеге кіріп келгенде дәрігердің түрі сұпсұр болып кетті.

– Сіздерге кім керек? – деді байсалды түр танытып.

– Сіз керексіз?

– Не бойынша?

– Түсік жасату бойынша.

– Қандай түсік?

– Сіз мына әйелден ақша алып, түсік жасауға келістіңіз. Ақша алдыңыз.

– Мен мұнымен ештеңе жайлы келіскен жоқпын. Ешқандай ақша алған жоқпын.

– Ақшаны тартпаға салды, – деді Сая.

Болат тартпадағы ақшаны алып, үстел үстіне қойды.

– Мен бұл ақшаны көрген де жоқпын, қолыммен ұстаған да жоқпын. Оны мына оңбаған қатын маған білдірмей тығып жіберді. Сендер мені бопсаламақ болып тұрсыңдар. Мен шағымданам.

– Әлбетте шағымданасыз. Бізбен бірге бөлімшеге жүріңіз! – деді Болат түсін суытып.

– Жұмысты тастап кете алмаймын. Мұнда ауру әйелдерге кім қарайды?

– Басшыңызға хабарласыңыз. Басқа дәрігермен ауыстырар. Жалғыз гинеколог сіз емес шығарсыз.

– Мені ешкім ауыстыра алмайды. Мен өте тәжірибелі дәрігермін.

– Ауыстыра алады.

Дәрігер дір-дір етіп, телефонын алып, басшысына қоңырау соқты.

\*\*\*

Сая таңертең төсегінен тұрып, киімін ауыстырды, жуынды. Темекі шеккісі келмеді. Кофе ішкісі келмеді. Су ішті. Дәмді. Өте дәмді. Көкжиек нұрлана бастағандай.

**Болай ТҰРҒЫНБЕК**

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ**

# АҚ ХАЛАТТЫЛАРДЫҢ



## «ҚАРА» ТІРЛІГІ

онда жолдаманы өз ақшасына сатып әпермек болды.

Айналаңдағылар саған мейірім тегуі үшін көп нәрсе керек емес. Шыншыл болсаң, шынайы болсаң, қателіңді мойындасаң, дұрыс қорытынды жасай білетін адам екендіңді білдірсең, сол да жетеді.

Сая жұмысынан бір айға еңбек-ақысыз демалысқы шықты да, іске белсене кірісті. Ұлданың жәудіреген нәркес жанары оны сол жолға итермеледі. Шегінуге жол жоқтай. Қолында билігі мен білімі бар аз ғана шоғыр өздерін басқалардан артық санап, үстемдік орнатқысы келеді екен. Байлыққа құныққандар басқалардың бақытсыздығынан да ақша жасайды екен. Қарапайым адамдарды ақымаққа санап, құрт-құмырсқадай көзіне ілмейді. «Ұятты ұятына қараса, ұятсыз жеңеді» немесе «Жақсылар жақсымын деп айта алмайды. Жамандар жақсымын деп айғайлайды» дегеннің кері. Демек, таразы басын теңестіру үшін Сая сияқтылар күреске шығады. Бүкіл әлемдегі әділетсіздікті жойып жіберуге күші жетпесе де, Ұлдана сияқты аңғал, әлсіздердің басына үйірілген бұлтты қуып жіберуге шамасы жетер. Жас әйелдің екі қолына тиген бір күрек сол болды.

\*\*\*

Сая ауыр ойлардың шырмауына түсіп, кеш ұйықтады. Таңертең төсегінен тұрып, киімін ауыстырды, жуынды. Балконда тұрып кофе ішті, темекі тартты. Сосын басқармаға келді. Болат кабинетінде екен.

– Сіз бұл іске не себепті араласып жүрсіз? Ұлдана туысыңыз емес, құрбыңыз емес. Ол сізге мүлдем беттен адам.

– Еріккеннен...

– Еріккеніңіз қызық екен.

– Менде одан басқа қызық жоқ.

– Жарайды. Өзіңіз білесіз. Іске көшейік. Ақ-қарасын ажырату үшін үш бағытта жұмыс жүргізу керек. Біріншісі – ЭҚҰ орталығындағы былықтарды әшкерелеу, екіншісі – түсік жасайтын дәріні заңсыз сатып

Болат Саяға таңырқай қарады да:

– Еріккеніңіз ерлікке ұласып кетті ғой. Өміріңізге қауіп төнуі мүмкін. Оған жол бере алмаймын. Басқа, дайындалған адамдар барады.

– Сақадай сай адамдарыңыз дап-дайын тұрған жоқ шығар. Сіздерде де кадр тапшы екен. Мен барайын. Жағдай ұшығып кетсе, ешкімге қояр кінәм жоқ.

– Ойлансып, ақылдасып көрейін.

\*\*\*

Полиция бастығы Саяның арнайы операцияға қатысуына рұқсат берді. Дайындықтан өткен соң видео құрылғы орнатылған сөмкені иығына асып, Сая ЭҚҰ орталығына қайта келді. Салидат дәрігер бөлмесінде екен.

– Жасым қырық беске келді. Уақытым тығыз. Тез арада ұрықтану үшін кез келген шарттарыңызға келісемін. Маған бәрін ашық айтып беруіңізді өтініп сұраймын, – деді Сая сиқырлана жымияп.

– О! Бүгін көңіл-күйіңіз жақсы ғой. Өткен жолы ашулы едіңіз, – деді дәрігер мұның ығына жығылғандай рай танытып.

– Мен жақсылап ойландым. Өткен жолы дұрыс істемеппін. Кешіріңізші. Енді бәрі басқаша болады. Маған бала тууға көмектесіңізші.

– Әрине, көмектесеміз. Біз сіздер үшін жұмыс істеп, жарғақ құлағымыз жастыққа тимей жүр ғой. Бірақ оны көп адам түсінбейді, – деді бұртия.

– Сөзіме сеніңіз. Мен түсінем. Мен бәрін түсінем. Сондықтан еш бүкпесіз айта беріңіз.

– Түсінсеңіз сол. Нәтиже сізге де керек, бізге де керек. Жақын арада болғаны керек. Ешқайсысымыз мәңгілік өмір сүрмейміз. Көтерімізді ертерек көргіміз келеді. Сондықтан тездетейік.

– Иә, иә. Дұрыс айтасыз. Тездетейік.

Дәрігер күлімсірей орнынан тұрып, шақты ашты. Қаздай тізілген папкалардың ішінен Саяның аты-жөні жазылғанын алды да, үстел үстіне қойып, ішіндегі бұрқыраған қағаздарды ақтарып бастады.

– Сіз біраз тексерулерден өт-

– Риза қылғанда... Мен бір өзім емес қой, – деді дәрігер күмілжігендей.

– Тағы кім бар? Қанша адамды риза қылу керек? Төктерін айтыңызшы. Қанша теңге болады?

– Бастықтар бар, тексерушілер бар дегендей...

– Айтсаңызшы. Қанша?

– Айта алмай отырмын ғой.

– Жүз мың теңге бола ма? – деді Сая.

– Осы соманы беске көбейтіңіз. Сол болып қалар. Ол сіздің құжаттарыңызды жөндеп бергенім үшін. Ұрықтандыруға ақшаны арнайы кассаға төлейсіз.

– Тым көп екен. Одан арзандау болмай ма? Мен банкте несие алып едім. Ол да жетпейтін болып жатыр ғой.

– Жоға. Керісінше мен сізге жаным ашып, азайтып отырмын. Ойла-нып көрерсіз.

– Жарайды. Келісем ғой. Басқа амалым жоқ. Бір амалын табармын. Қашан келсем де, сіз жұмыста болатын шығарсыз. Жақын арада бір жаққа кетуді жоспарлап жүрген жоқ па едіңіз?

– Мен әрдайым осындамын, – деді дәрігер жымияндап.

Сая бірер күннен соң видео қондырғы орнатылған сөмкеге боялған ақшаларды салып орталыққа қайта келді. Ақшаны алу дәрігеріне Болат бастаған топ ақшаға құныққан дәрігерді құрықтады. Орталық жұмысы толық тексерілетін болды.

\*\*\*

Сая таңертең ертелеп «Арзан» дәріханасына келді. Ол жердегі жас провизор қыз біразға дейін бұлтақтап, айтқанға көнбеді.

– Жоқ, апай. Біз ешқашан мұндай дәрі сатпағанбыз. Мұның не екендігін де білмеймін мен, – деді дәрінің аты жазылған қағазды қолына ала салысымен.

– Айналайын сіңлім-ай, «Құдай керек қылмасын» деген дәрінің бірі ғой бұл. Басқа амалым болмай тұр. Сендердің дәріханаларыңда бар екендігін жақында дәрігерден есіттім. Бере қойшы. Мен бір бейшара апайыңмын ғой, – деді Сая мүләймсі.

– Жоқ, апай. Бере алмаймын. Неліктен дәрігер рецепт жазып, мөрін басып бермеген? Онсыз біз бір де бір дәрі сатпаймыз. Жігітіңізге «мүшеқап қолдан» деп айтпадыңыз ба? Түк те қиын емес шаруа ғой ол.

– Әй, сіңлім-ай, дәрігер де адам емес пе? Ұмытып кеткен болар. Еркектің шаруасы тек ойнақ салу, әйелді пайдалану ғой. Ал ол ойнақтың салдары әйелдің мойнына ауыр жүк болып асылады. Іс бітті, қу кетті. Мен қалдым... Не істерімді білмей... Бастығыңды шақыршы. Сонымен сөйлесіп көрейін, – деді Сая жалынышты үнмен.

Жас қыз бұраңдай басып шығып кетті де, әлден соң орта жастағы бір әйелді ертіп қайта келді.

Ол Саяға сынай қарады да:

– Сіз кімнен келдіңіз? – деп сұрады.

– Алима апайдан келдім, – деп Сая аузына түскен атты айта салды. – Қатты қиналып тұрмын. Уақыты өтіп кетсе, ол дәрі де көмектестей қалады ғой. Айтқан сомаңды берем. Бере қойшы дәріңді, – деді Сая.

Ана екеуі бір-біріне сұраулы жүзбен қарады. Әлден соң егделеуі жастауына ымдағандай болды. Ол

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

**Астана** Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.  
**Алматы облысы** Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.  
**Ақтөбе облысы** Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.  
**Атырау облысы** Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.  
**Маңғыстау облысы** Жазыра Әбіл 8 702 514 54 44.  
**Қызылорда облысы** Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.  
**Түркістан облысы** Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.  
Шадиар Мекенбайұлы 87757335665  
**Батыс Қазақстан облысы** Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz  
**E-mail: zanreklamaastana@mail.ru**

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 6367 дана**  
**Апталық таралым 12 734 дана**  
Тапсырыс №99 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігін байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31